



СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

«БҰЛАҚ КӨРСЕҢ, КӨЗІН АШ!» ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯСЫ ӨТТІ



Тарбағатай ұлттық парктің мемлекеттік инспекторлары мен қызметкерлері 29-30 сәуір күндері «Парктер шеруі - 2024» Халықаралық табиғатты қорғау акциясы шеңберінде «Бұлақ көрсен, көзін аш!» атты экологиялық акция өткізді.

Суды таза ұстау - оны қорғау деген сөз. Ата-бабамыз ұлттық дәстүрімізде суды қадірлеу, суды лайламау, былғамау туралы өсиет сөздерді көп айтқан. Балаларға ата-аналары «Суды сабама - балығын

шошытасың», «бұлақты лайлама - құсын кетіресің», «Өзің су ішкен құдығыңа түкірме» деп тоқтау сөз айтып тәрбиелеген. «Бұлақ көрсен, көзін аш!» деп өсиет айтқан. Осы қағиданы басшылыққа ала отырып, ол суды адамдар тек ішу үшін ғана пайдаланбайды, егін, бау-бақша суаруға, мал шаруашылығына, өнеркәсіптің түрлі салаларына қолданылатындығынан да хабардар етпекпіз.

Бұл акцияны өткізу өлкеміздің қоршаған

ортасының экологиялық жағдайын жақсартады, табиғат байлығы - бұлақ көздерін қорғай білуге, өлкеміздің табиғи ресурстарын аялауға үлгі болатыны анық.

Іс-шара нәтижесінде ұлттық парк аумағында 39 бұлақ көзі тазаланды. Қатысушылар саны - 45 адам.

Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар Министрлігі, www.gov.kz материалдар бойынша.

5 600 МЕРОПРИЯТИЙ ПРОВЕДЕНО С НАЧАЛА ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ АКЦИИ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

О результатах недели «Өнегелі ұрпақ» рассказали в Минкультуры и информации РК, передает агентство Kazinform.

Завершилась неделя «Өнегелі ұрпақ», направленная на благоустройство жилых домов ветеранов и домов престарелых, а также оказание помощи в быту одиноким пожилым людям.

В рамках тематической недели «Өнегелі ұрпақ» проведено 787 мероприятий, в рамках которых оказана помощь 2 308 представителям старшего поколения.

В ходе акции в период с 8 апреля по 4 мая в регионах проведено более 5,6 тысячи мероприятий с общим охватом свыше 1 млн человек.

С 6 по 11 мая будет организована тематическая неделя «Мөлдір бұлақ», направленная на очистку окрестностей рек-озер от мусора. Во всех мероприятиях активное участие примут молодежные ресурсные центры, волонтерские сообщества.

Напомним, коллектив Телерадиокомплекса Президента РК вновь присоединился к республиканской экологической акции «Таза Қазақстан», 150 сотрудников компании высадили 50 саженцев сосны на территории Ботанического сада в Астане.

На неделе «Өнегелі ұрпақ» сарыағашская молодежь провела субботник во дворе дома ветерана Великой Отечественной войны Ермаханна Ишкенова.

По материалам Н.Мосунова, inform.kz,
Фото: Минкультуры и информации РК.



12+ №18(446)
мамыр
15 мая 2024
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

**КАЗАХСТАН
ПРИСОЕДИНИЛСЯ
К ГЛОБАЛЬНОЙ
ИНИЦИАТИВЕ ПО
ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ
НА УГЛЕРОД**

ЧИТАЙТЕ НА 3-Й СТРАНИЦЕ

**ПЕРЕРАБОТКА ТВЕРДЫХ
БЫТОВЫХ ОТХОДОВ
ПИРОЛИЗОМ**

ЧИТАЙТЕ НА 4-Й СТРАНИЦЕ

**ПАВОДКОВУЮ ВОДУ
НАПРАВИЛИ В ОЗЕРА
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ**

ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ КЫЗЫЛОРДА	Ср., 15 мая 2024	Чт., 16 мая 2024	Пт., 17 мая 2024	Сб., 18 мая 2024	Вс., 19 мая 2024	Пн., 20 мая 2024	Вт., 21 мая 2024
 Источник: gismeteo.kz Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.	 +26°C Облачно +18°C 3 м/с З 83% влажн. 751 мм рт.ст.	 +30°C Ясно +15°C 2 м/с З 66% влажн. 753 мм рт.ст.	 +30°C Малооблачно, небольшой дождь +20°C 2 м/с СВ 53% влажн. 750 мм рт.ст.	 +27°C Пасмурно +18°C 4 м/с ЮЗ 78% влажн. 747 мм рт.ст.	 +25°C Ясно +15°C 4 м/с ЮЗ 75% влажн. 750 мм рт.ст.	 +26°C Малооблачно, небольшой дождь +15°C 2 м/с ЮЗ 66% влажн. 749 мм рт.ст.	 +28°C Ясно +15°C 3 м/с В 61% влажн. 749 мм рт.ст.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР БАНКРОТТЫҒЫ ЖАЙЛЫ БІЛЕСІЗ БЕ?

Елімізде қоғам мен мемлекетті одан әрі жанғыртуға бағытталған реформалар тиімді іске асырылып келеді. Осыны басымдыққа алған ел үкіметі 2022 жылдың 30 желтоқсанында «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Заң қабылдады. Аталған құжат азаматтардың қарыздық жүктемесін азайту мен өнімді экономикалық қызметке оралуды мақсат етеді. Мұнан бөлек, әлеуметтік шиеленісті жеңілдетіп, қарыздарды төлеуді ынталандыруды көздейді. Халықаралық тәжірибеге сай, аталған заң азаматтардың банкроттықты қолдану рәсімдерін 3 түрлі бағыт бойынша жүзеге асырады. Олар - соттан тыс банкроттық; сот банкроттығы; төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі.

Соттан тыс банкроттық негізінен екінші деңгейлі банк, микроқаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктер алдындағы берешектерге қолданылады. Өтініш «E-salyg Azamat» мобильді қосымшасы немесе «E-gov» веб-порталы арқылы жолданады. Ал өтініштерді қарап, тиісті шешім қабылдау жергілікті кірістер басқармасына жүктелген. Оның шарттары мынадай: Борышкердің берешегінің шекті сомасы - 1 600 АЕК. 12 айдан артық өтелмеген болуы маңызды. Жылжымайтын мүлік, жер және көлік құралдары сынды мемлекеттік тіркеуге жататын мүліктері болмауы қажет. Банкпен, микроқаржы ұйымымен борышты реттеу туралы құжатының болуы талап етіледі. Ескеретін жәйт, егер борышкер алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы ретінде тіркелген болса да, арыз беруге толық құқылы. Банкроттық рәсімін қолданған жағдайда банк пен микроқаржы ұйымдарынан 5 жыл қарыз алуға тыйым салынады. 7 жылдан соң қайта банкроттықты жариялауға мүмкіндік бар. 3 жыл ішінде мүлікті сатып алуды бақылау жүзеге асырылады.

2023 жылдың қорытындысымен жеке тұлғалардың соттан тыс банкроттығы бойынша Қызылорда қаласында барлығы – 3310 өтініш түскен;

•439 жеке тұлғаның өтініші қабылданып «банкрот» статусы берілген;

•2689 жеке тұлғаның өтініші қанағаттандырылудан бас тартылған;

•122 жеке тұлғалардың өтініштері алдын ала қабылданып, қазіргі таңда 6 ай қаржылық мониторинг сатысында;

•60 өтініш өндірістен қысқартылған;

Сондай-ақ, 2024 жылы жеке тұлғалардың соттан тыс банкроттығы бойынша қазіргі таңда:

•барлығы - 645 өтініш түскен;

•344 жеке тұлғаның өтініші қанағаттандырылудан бас тартылған;

•230 жеке тұлғалардың өтініштері алдын ала қабылданып, қазіргі таңда 6 ай қаржылық мониторинг сатысында;

•67 өтініш қаралу барысында;

•4 өтініш өндірістен қысқартылған.

Заңнаманың екінші бағыты - сот банкроттығы. Бұл қызмет сотпен қарастырылады. Және кредиторлар алдындағы қарыздың барлық түрі бойынша қолданылады. Маңыздысы, сот банкроттығы барысында борышкердің мүлкі сауда-саттыққа жолданады. Сондай-ақ жалғыз тұрғын үй кепіл нысаны болса, кредитор оны толығымен алып қоюға құқылы.

Сот банкроттығында қаржы басқарушысы тағайындалады және оның қызметіне ақы төлеу борышкердің мүлкі есебінен іске асырылады. Банкроттықты жүргізу мерзімі - 6 ай. Бірақ рәсімді жүргізу кезінде шетелге шығуға тыйым салынады.

Келесі бағыт - төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Бұл да сотпен қарастырылады. Ал қарыздың мөлшері тиесілі мүліктің құнынан аспауы тиіс. Төлем қабілеттілігін қалпына келтірудің артық тұсы - «Банкрот» мәртебесі берілмейді. 5 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігі бар. Шетелге шығу, несие алу шектелмеген. Жоспарды әзірлеу кезінде қаржы басқарушысының көмегіне жүгінуге рұқсат етіледі.

Айта кетейік, өтініш беруде асығыстық танытып, құжатқа олқылық танытқан жағдайда кері қайтарылады. Қайта өтініш беру 3 айдан кейін ғана мүмкін. Сондықтан, талапқа сай жүгініп, заңнамаға немқұрайлы қарамауға шақырамыз.

А.АЙТМАҒАНБЕТОВ,
Қызылорда қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасының
Берешекпен жұмыс бөлімінің басшысы.

ШОТ-ФАКТУРАЛАРДЫ ЖАЗЫП БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ?

Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 413-бабына сәйкес шот-фактураларды, оның ішінде электрондық шот-фактураларды (ЭШФ) беру мерзімдері белгіленді. Стандартты жағдайда бұл мерзім өткізу айналымы жасалған күннен бастап 15 күнтізбелік күнді құрайды.

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер Департаменті.

СРОКИ ВЫПИСКИ СЧЕТОВ-ФАКТУР?

Согласно статье 413 Налогового кодекса РК, установлены сроки для выписки счетов-фактур, включая электронные счета-фактуры (ЭСФ). В стандартном случае этот срок составляет 15 календарных дней, начиная с даты совершения оборота по реализации.

Департамент государственных
доходов по Кызылординской области.

АҒАШ ӨҢДЕУ САЛАСЫН ДАМУЫ БОЙЫНША КЕҢЕС ӨТТІ

Ағымдағы жылдың 4 мамырында Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Е. Нысанбаев пен Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс Министрі К. Шарлапаевтың төрағалығымен ағаш өңдеу саласын дамыту мәселесі бойынша кеңес өтті. Кеңеске орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің, Өнеркәсіп және құрылыс комитетінің, «Атамекен» ҰКП өкілдері және қоғамдық бірлестіктер мен бизнес өкілдері қатысты.

Кеңес шеңберінде бизнес өкілдерінің қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, ағаш дайындаушыларға кепілдік беру және преференция беру, шикізат базасымен қамтамасыз ету, жол салу бөлігінде ағаш дайындау мен ағаш өңдеуді дамыту жөніндегі ұсыныстары тыңдалды.

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Е. Нысанбаев ҚДҚ шеңберінде ағаш дайындаушылар ағаш дайындау техникасын жеңілдікті пайызыбен несиеге сатып ала алатынын, ал министрлік өз кезегінде осы мәселеде қолдау көрсетуге дайын екенін айтты, тиісті тапсырманы "Жасыл Даму" АҚ берді.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі К. Шарлапаев бірқатар нақты тапсырмалар берді:

- жол салу мәселесін қарау бойынша;
- ұлттық режимнен фанера өнімдерін алу мәселесін пысықтау бойынша;
- жиһаз өнеркәсібінде отандық өндірістің ағаш материалдарын пайдалану мәселесін пысықтау;
- Мемлекеттік сатып алуларда отандық өндірістік ағаш материалдарын сатып алу мәселесін пысықтау;
- жеңіл өнеркәсіпке ұқсастығы бойынша ағаш дайындаушыларға жеңілдікпен кредит беруді енгізу мәселесін пысықтау бойынша
- мәселені «KAZAKH INVEST «ҰК» АҚ-мен бірлесіп қарау, ағаш өңдеуді дамыту үшін шетелдік инвесторларды тарту бойынша;
- Ресей Федерациясынан фенол сатып алу мәселесін пысықтау бойынша.

Екі министрліктің өкілдеріне Ағаш өңдеу саласын дамыту жөніндегі жол картасын әзірлеу жөнінде тапсырма берілді, екі министрліктің де



жауапты вице-министрлері бекітілді. Отырыс қорытындысы бойынша 2 айда бір рет тұрақты негізде кеңестер өткізу туралы шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар
Министрлігі, www.gov.kz материалдар бойынша.

2024 ЖЫЛДЫҢ 1 ТОҚСАНЫНДА «БЖЗҚ» АҚ КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТТЕР САНЫ 18 МИЛЛИОННАН АСТЫ

01.01.2024ж. мен 31.03.2024ж. аралығында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры халыққа 18,7 млн. астам қызмет көрсетті. Жүргізілген операциялардың ішінде 6,1 млн. астам қызмет электрондық форматта, ал автоматты түрде – 12,1 млн. қызмет, қашықтан 180 мыңнан астам қызмет көрсетіліп, жүзбе-жүз 296 мыңнан астам қызмет ұсынылды. Оның ішінде тікелей Қор кеңселерінде 279 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

Өздеріңізге белгілі, БЖЗҚ-ның шот ашу және төлемдердің көптеген түрлерін жүзеге асыру сияқты негізгі операциялары автоматты режимде көрсетіледі. Мұндай қызметтердің саны қарқындап өсуде. 2024 жылдың алғашқы үш айында шартты зейнетақы шоттарын (ШЗШ) (жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасын (ЖМЗЖ) аудару нәтижесінде ашылған) және нысаналы жинақтаушы шоттарды (НЖШ - "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы шеңберінде) қоса алғанда, зейнетақы жарналарының барлық түрлері бойынша ашылған жеке зейнетақы шоттарының (ЖЗШ) жалпы саны 3,8 млн-нан асып түсті. Сондай-ақ, автоматты форматта " Ұлттық қор - балаларға "бағдарламасына қатысушылардың нысаналы талаптарын есепке алу және нысаналы жинақтарды алушыларға төлемдер жүзеге асырылуда.

Жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу - әлі де танымал қызмет қатарында. Жыл басынан бері ЖЗШ/ШЗШ/НЖШ-дан 6,9 млн. астам үзінді көшірме берілді. Оның 5,4 млн. электронды түрде және 1,2 млн. астамы автоматты режимде жүзеге асырылды.

Есепті кезеңде автоматты режимде біржолғы зейнетақы төлемдеріне 90,9 мың өтініш қабылданды. Оның ішінде тұрғын үй жағдайын жақсартуға - 63,6 мың, емделуге ақы төлеуге - 27,3 мың өтініш түсті.

БЖЗҚ сайттағы және ұялы қосымшадағы Жеке кабинетте салымшылардың (алушылардың) өз деректемелеріне, банктік деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты немесе ерікті зейнетақы жарналары

бойынша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді пайдалануға мүмкіндіктері бар екенін еске салады. Сондай-ақ, зейнетақы жарналарын төлеу туралы өтініштің мәртебесін қадағалау, инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) жинақтардың бір бөлігін аудару, зейнетақы калькуляторының көмегімен болашақ зейнетақыны болжамды есептеу, ерікті зейнетақы жарналарын аудару және т.б. қызметтер әлемнің кез-келген нүктесінде 24/7 режимінде қолжетімді.

2024 жылғы қантар-наурыз айларында деректемелерді өзгертуге 64,2 мыңнан астам өтініш қабылданып, оның 56,3 мыңы Қордың кеңселерінде ұсынылды. БЖЗҚ мамандарына қандай да бір қызметке жүгіне отырып, салымшылар, әдетте, жинақтарды қалыптастыру бойынша да қосымша кеңестер ала алады.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары аясында 8,4 мыңнан аса көшпелі таныстырылым өткізіліп, оған 187 мың адам қатысты. Бұқаралық ақпарат құралдарында БЖЗҚ хабарламалары бойынша 9,7 мың материал орналастырылды. Салымшылардың кері байланыс арналары бойынша түскен өтініштерінің саны шамамен 180 мың.

Естеріңізге сала кетейік, кез келген компания Қор кеңсесіне барып жинақтаушы зейнетақы жүйесінің мәселелері бойынша таныстырылым мен кеңестер өткізуге өтінім бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе Қор сайты немесе мобильді қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

БЖЗҚ-ның кеңес беру қызметтерін мессенджерлер (+7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боттары) арқылы, 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығынан (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін), enpf.kz корпоративтік сайтынан, сондай-ақ, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларынан алуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

КАЗАХСТАН ПРИСОЕДИНИЛСЯ К ГЛОБАЛЬНОЙ ИНИЦИАТИВЕ ПО ЦЕНООБРАЗОВАНИЮ НА УГЛЕРОД

Казахстан присоединился к Глобальной инициативе по ценообразованию на углерод (GCPC), цель которой – охватить 60% мировых выбросов углерода системой ценообразования к 2030 году. Казахстан присоединяется к Франции, которая стала партнером GCPC в начале апреля, а также к существующим партнерам: Канада, Чили, Дания, ЕС, Германия, Новая Зеландия, Норвегия, Республика Корея, Швеция и Великобритания, а также Кот-д'Ивуар, передает агентство Kazinform со ссылкой на Минэкологии РК. GCPC - это инициатива на уровне лидеров, объявленная Канадой



во время COP26, которая согласует экономические цели с целями по снижению углеродных выбросов и способствует чистым инвестициям в инновации и технологии. С помощью GCPC партнерам предоставляется платформа для глобального сотрудничества и обмена опытом внедрения ценообразования на углерод.

Как отметил министр экологии и природных ресурсов Казахстана Ерлан Нысанбаев "Приверженность Казахстана сокращению выбросов парниковых газов и продвижению экологически чистых технологий через нашу систему торговли выбросами (ETS) является свидетельством

нашего активного подхода к борьбе с глобальным изменением климата. Присоединяясь к Глобальной инициативе по ценообразованию на углерод, мы стремимся укрепить нашу национальную систему ETS, соответствующую нашим целям декарбонизации и продвигая устойчивое развитие для будущих поколений».

Председатель консультативного комитета GCPC и посол Канады по вопросам изменения климата Кэтрин Стюарт отметила: «Мы рады приветствовать Казахстан в качестве партнера Глобальной инициативы по ценообразованию на углерод. Ценообразование на углерод наиболее эффективно, когда его принимают больше стран, поскольку широкий охват дает больше возможностей найти чистые решения. По мере роста динамики мы рады приветствовать все больше и больше новых партнеров в инициативе, чтобы помочь нам достичь нашей цели - 60% глобальных выбросов парниковых газов, охваченных ценообразованием на углерод к 2030 году». С растущим числом партнеров GCPC стоит на передовой глобальных действий по климату, продвигая прогресс к устойчивому и низкоуглеродному будущему для всех.

О GCPC. Глобальная инициатива по ценообразованию на углерод (GCPC) была объявлена премьер-министром Канады Джастином Трюдо во время COP26, ставя перед мировым сообществом задачу охватить 60% глобальных выбросов парниковых газов системами явного ценообразования к 2030 году. С тех пор она превратилась в международную инициативу уровня лидеров, которую возглавляют растущее количество стран и Европейский союз: партнеры, которые внедряли или планируют внедрить системы ценообразования на углерод; и друзья проявляющие явный интерес к внутреннему или международному явному ценообразованию на углерод. GCPC возглавляет консультативный комитет из представителей стран-партнеров, в настоящее время председателем является посол Канады по вопросам изменения климата Кэтрин Стюарт.

Решения Консультативного комитета основываются на анализе и рекомендациях Технической рабочей группы, в которую входят мировые эксперты из Партнерских и Дружественных организаций, а также международных учреждений. Работу поддерживает независимый секретариат, в состав которого входят специалисты по климатической политике и коммуникациям из adelphi и IETA.

**По материалам Г.Кенбаевой, inform.kz,
фото: Минэкологии РК.**

АСА ҚАУІПТІ «КҮЙДІРГІ» АУРУУЫ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕСІЗ?

Аса қауіпті күйдіргі (немесе түйнеме, сібір жарасы) - ерте заманнан белгілі, адамдар мен мал арасында көп кездесетін, Жер шарында кең тараған аса қауіпті жұқпалы індеттердің бірі. Бұл індет туралы мәліметтер ертедегі грек, рим жазбаларында да кездеседі. Індет Батыс елдерінде «қасиетті от», ал Шығыста «парсы оты» деген аттармен белгілі болған. Тарихта бұл «оттар» белең алған Жер шарының талай елінде адамдардың мыңдап, төрт түлік малдың жүз мыңдап қырылу фактілері тіркелген. Ауру қоздырғышы - бациллалар (*Bacillus anthracis*) сыртқы ортаның әсеріне айтарлықтай шыдамды болмағанымен, олардың споралары өте шыдамды келеді. Мысалы, споралар 110 градуса - 10 минут, қайнаған суда - 1 сағат, 110 градус ыстықта 3 сағатқа дейін шыдайды. Төменгі градустарда өлмейді. Ал топырақта споралар 50-100 жылдан астам сақталады.



Жаратылысынан мал баққан бабаларымыз бұл індетпен ауырған малдың түріне қарай індеттерін де түрліше атаған: ешкі малының індетін - кебенек, қой малы - топалаң, ірі қара малы - каратаалақ, кей жерлерде қарасан, жылқы малы - жамандат, түйе

малы ақшелек деген. Сондықтан да мал арасында індет тарап, мал өлімі көп болған жерлерді «қарғыс атқан жерлер» деп қораларды өртеп (қазақша дезинфекция), мұндай жерлерден мал-мүлкімен үлере көшіп отырған. Мұндай елді мекендер қазір «күйдіргі бойынша стационарлық қолайсыз пункттер» деп аталады, яғни күйдіргіден өлген жануарлардың өлекселері болған немесе кездейсоқ көмілген жерлер, ондай жерлерге «күйдіргі» деген жазуы бар белгілері қойылуы қажет.

Ауру қоздырғышы күйдіргіден қолайсыз елді мекендерде топырақта болатындықтан, мал сол жерлердегі шөбі тықыр жайылымдарда топырақ арқылы жұқтырып, ауырады. Ал адамдар көпшілік жағдайда сол ауырған малды сойғанда, жіліктегенде, ішек-қарнын аршығанда ауру жұқтырады. Немесе мал өнімдерін шала пісіріп (қауап, қуырдақ, бауырды шала пісіріп жеу т.б.) тамаққа пайдаланғанда, ал кейде сол қолайсыз елді мекендерде әртүрлі жұмыстар жасағанда топырақтан жұқтыруы да мүмкін. Қоздырғыштар, негізінен, адам ағзасына терідегі ұсақ жарақаттар арқылы енеді. Аурудың алғашқы белгілері: Аурудың алғашқы белгілері ауру жұқтырған соң бірнеше сағаттан бастап, ары кеткенде сегіз күн арасында біліне бастайды. Науқастың ыстығы көтеріліп, мазасызданып, ауру қоздырғышы енген жердегі терісі қышып, қызыл дақ пайда болып, кейін үлкейіп беті күлдіреп, қара қошкылданып, екі-үш күннен кейін, жиектері қызарған ортасында көмірдей қара дағы бар, қан мен сарысуы бөлінген іріңсіз жараға айналады. Күйдіргі жарасының басқа жаралардан ерекшелігі сол - бұл жара ине сұққан да ауырмайды. Науқас адам тездетіп дәрігерге қаралмаған жағдайда ісігі ұлғайып денесіне жайылуы мүмкін.

Күйдіргіден сақтану жолдары:

Мал ауырған жағдайда ауру малды бөлек ұстап немесе малды лажсыз бауыздағанда мал дәрігерлеріне хабарлау. Меншіктегі мал басын, жыл сайын уақытылы мерзімдерде күйдіргіге қарсы екпе жасату. Күйдіргіден қолайсыз елді мекендердегі мал жайылымдарынан, суаттарға ауылшаруашылық малдарын жаймау қажет. Аурудың алғашқы белгілері байқалған жағдайда уақыт созырмай дәрігерге қаралу.

Ауылшаруашылық малдарды сатып алғанда не болмаса ет алғанда арнайы ет сату орындарынан, сараптамадан өткен, ветеринариялық анықтамаларды талап ете отырып алу. Кез-келген жерде сатылатын, анықтамасы жоқ малды немесе етті сатып алудан сақтаныңыздар.

А.БАЙТІЛЕУ,

Сырдария аудандық СЭББ-ның жетекші маманы.

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНА ТІРКЕУ

Қазақстан Республикасының Салық кодексінің 82-бабының 4-тармағына сәйкес қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне ең төменгі айналым республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіш 20 000 еселенген мөлшерін құрайды.

2024 жылы айлық есептік көрсеткіш 3692 теңге, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қоюдың ең төменгі айналым сомасы 73 840 000 теңге. Бұған дейін, 2021 жылы ең төменгі айналым айлық есептік көрсеткіш 30 000 еселенген мөлшерін құраған немесе айналым сомасы 87 510 000 теңге болған.

Оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолданатын дара кәсіпкердің 124 184 Айлық есептік көрсеткіштің (2024 жылы - 460 702 528 теңгені құрайды.) еселенген мөлшері шегіндегі, үш құрамдасты интеграцияланған жүйені қолданатын болса, қолма-қол ақшасыз арқылы есеп айырысу жасалған айналымдары қосылмайды.

ҚР Салық кодексінің 82-бабының 1-тармағына сәйкес, егер қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою айналымы ең төмен айналымнан асып кеткен жағдайда, қосылған құн салығына тіркеу есебіне қоюға жататын тұлғалар орналасқан жеріндегі салық органына қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебі туралы салықтық өтінішті беруге міндетті.

Салықтық өтініш айналым мөлшерінің ең төмен

айналымнан асып кетуі туындаған ай аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, өзі келу тәртібімен қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда беріледі.

Өтінім кеш берілсе, ҚҚС уақытылы тіркеу есебіне тұрмағаны үшін, бұзушылық туындайды. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (ҚР ӘҚБтК) 269-бабының 3-тармағына сәйкес 50 Айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. 2024 жылы – 184600 теңге, осы кодекстің 897-1 бабына сәйкес, егер хабарлау табыс еткен күннен бастап айыппұл сомасын он тәулік ішінде төленсе, онда айыппұл сомасының елу пайызы 92300 теңге мөлшерінде болады.

Сонымен қатар, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 275-бабының 5-бөлігіне сәйкес, жауапкершілік қосылған құн салығы бойынша шекті мәннен асқан сәттен бастап, қосылған құн салығы бойынша тіркеуге дейінгі кезеңдегі салық салынатын айналым сомасынан 15% мөлшерінде айыппұл қарастырылған (бұл бапқа, осы кодекстің 897- бабы 1-1 тармағына сәйкес әкімшілік айыппұл мөлшерін қысқарту қолданылмайды).

Сол себепті жылдық айналымның шекті мәннен асу қауіпі бар болған жағдайда, жергілікті салық органына жүгініп, тиісінше кеңес алып, уақытылы қосылған құн салығы төлемгері ретінде тіркеу жүргізу тиіс.

Сырдария ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

ОКОЛО 1 МИЛЛИАРДА КУБОМЕТРОВ ПАВОДКОВОЙ ВОДЫ НАПРАВЛЕНО В КАСПИЙ



Около 1 миллиарда кубометров воды направлено в Каспийское море, для этого филиалом Казводхоза Атырауской области используются четыре канала: Баксай, Нарын, Черная речка и Соколок. Об этом сообщила официальный представитель Министерства водных ресурсов и ирригации РК Молдир Абдуалиева, передает корреспондент агентства Kazinform.

Суммарно эти каналы могут пропускать до 12 млн кубометров воды в сутки. На каждом из них специалисты Казводхоза провели очистительные, укрепительные и другие работы. К примеру, вдоль канала Соколок был вырыт дополнительный канал длиной 14,5 км, через который вода также направляется в Каспий.

Специалисты также продолжают направлять воду в озеро Балхаш, объемы которого пополнились около 2,5 млрд кубометрами воды из Капшагайского водохранилища.

Также ведомство успело перевести 30 млн кубометров

воды, пришедшей из России, в Камыш-Самарские озера Западно-Казхастанской области. Туда вода не поступала последние 20 лет.

Кроме того, началась работа по отправке воды в природные озера Едилсор, Жалтырколь, Бирказан, Сорколь, Салтанат и другие водоемы Западно-Казхастанской области, которые в последние годы столкнулись с высыханием.

В то же время наблюдается активное наполнение Теликольской системы озер Кызылординской области. По словам Молдир Абдуалиевой, этого удалось добиться благодаря невиданным ранее объемам сброса паводковых вод из Кенгирского водохранилища области Улытау.

По материалам К.Кушановой, inform.kz.фото: Министерство водных ресурсов и ирригации РК.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІ САНАТТАУ КЕЗІНДЕ ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕТІН ӨЛШЕМШАРТТАР ТУРАЛЫ

Қазіргі таңда, ақпараттық және инновациялық технологиялар жанарған сайын салық, кеден жүйесіндегі бақылау мен әкімшілендіруді жетілдіруге байланысты өзгерістер де күн санап дамып келеді.

Бизнесте қолайлы, сапалы, мемлекеттік қызмет көрсету үшін, кірістер органдарымен жылма - жыл салық және кеден саласын цифрландыру жұмыстары жүргізіліп, ұдайы жетілдіріліп келеді.

Елімізде 2019 жылдан бері жұмыс жасайтын әділеттілік принципіне негізделген салықтық бақылауға арналған Тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі артып келеді. Бұл жүйе салық төлеушілерді санаттау арқылы ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді пайдалана отырып, заң бұзушылықтың деңгейі жоғары аймақтарға назарды шоғырландырып, салықтық міндеттемелерді ерікті түрде орындатуға негізделген.

Санаттарға бөлу автоматтандырылған режимде орталық деңгейде салық төлеушілердің қызметін тәуекелдің үш дәрежесінің біріне жатқызу жолымен жүзеге асырылады: төмен, орташа және жоғары.

Санаттарға бөлу ҚР Салық кодексінің 136, 137-баптарына «Құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2018 жылғы 20 ақпандағы №252 бұйрығына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізіледі.

Тәуекелдің жоғары дәрежесіне Қағидалармен бекітілген ашық критерийлерде, жария етуге жатпайтын жабық критерийлерде әсер етеді. Бұл тізбе мен алар бойынша есептеу алгоритмінің «Қызмет бабында пайдалану үшін» деген белгісі бар және таратылуы шектелген қызметтік ақпарат болып табылатындығына байланысты.

Тәуекел дәрежесін жоғарылататын, яғни ТЕРІС өлшемшарттар мыналар:

- "Салық есептілігінде көрсетілетін шығыстар және кірістер сомасы" өлшемшарты (0,98-ден 1-ді қоса алғанға дейінгі диапозонда болатын түзетулерді есепке ала отырып жылдық жиынтық кіріске түзетулерді есепке ала отырып корпоративтік табыс салығы бойынша шегерімдер сомасын арақатынасы ретінде айқындалады. Есеп айырысу жүргізілетін кезең соңғы есепті күнтізбелік жылы болып табылады).

- Салық есептілігінде бірнеше салықтық кезең бойы залалдарды көрсету" өлшемшарты (егер соңғы 3 (үш) салықтық кезең (жыл) ішінде салық есептілігінде залал көрсетілетін жағдайда айқындалады. Салықтық мониторингке жататын, сондай-ақ жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес қызметін жүзеге асыратын салық төлеушілер үшін өлшемшарт соңғы бес жылдық кезең бойынша айқындалады).

- "Бюджетке төленуге жататын салықтар сомасын азайта отырып, қосымша декларацияны табыс ету жолымен салықтарды төлеуден жалтару белгілері бар салық төлеушілер" өлшемшарты (салық төлеуші корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша декларацияны табыс ету арқылы камералдық бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік кірістер органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындағаннан кейін корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы бойынша азайтуға қосымша декларацияны табыс еткен кезде айқындалады. Тәуекел дәрежесінің (деңгейінің) бұл өлшемшарты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын салық төлеушілерге қатысты қолданылады).

- "Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды" өлшемшарты (камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы орындалмаған хабарламалардың болуы, олардың Салық кодексінің 96-бабы бойынша орындау белгіленген күннен 15 (он бес) және одан да көп күн өтуі жағдайында айқындалады. Есеп айырысу жүргізілетін кезең соңғы 6 (алты) ай болып табылады).

- "Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде салық есептілігін табыс етпеу" өлшемшарты (Есеп айырысу жүргізілетін кезең – соңғы 12 (он екі) ай).

- "Салық төлеуші ҚР ҚМ МКК сайтында орналастырылған сенімсіз салық төлеушілердің тізімінде тұр" өлшемшарты (Салық төлеуші Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтында орналастырылған сенімсіз салық төлеушілердің тізімінде болуына орай).

Тәуекел дәрежесін төмендететін, яғни ОҢ өлшемшарттар мыналар:

- "Салықтық мониторингке қатысу" өлшемшарты (көлдене мониторинг туралы келісім, сондай-ақ көлденең мониторинг бойынша пилоттық жобадан болуы жағдайларда айқындалады).

- "Астық нарығына қатысушыларға қосылған құн салығының асып кеткен сомасын оңайлатылған қайтару жөніндегі пилоттық жобаларға қатысушы" өлшемшарты (Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мемлекеттік кірістер органдарына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей ұсынылатын, салық төлеушінің пилоттық жобаларға қатысушы ретінде тіркеу туралы мәліметтері негізінде айқындалады).

- "Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу" өлшемшарты (санаттау жүзеге асырылатын кезеңнің алдындағы жарты жылдықтағы салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеудің өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда осу динамикасы негізінде айқындалады. Төлем сомасына келендік төлемдер, импортталған тауарларға қосылған құн салығы, импортталған тауарларға акциз қосылмайды. Төлем сомалары қайтарылған сомаларды ескере отырып айқындалады. Өлшемшарт 1 (бір) миллион теңгеден астам салық төлеу бойынша тарихи деректері бар салық төлеушілер бойынша есептеледі).

- "Салық төлеушінің стандартты тексеру файлы қолдануы" өлшемшарты (салық төлеуші стандартты тексеру файлы қолданған жағдайда айқындалады).

- "Салықтар және әлеуметтік төлемдер бойынша дәйекті берешектің болмауы" өлшемшарты (осы Қағидалардың 8-тармағында белгіленген күннің алдындағы 6 (алты) айдың соңғы күніндегі жағдай бойынша айқындалады. Тәуекел дәрежесінің (деңгейінің) бұл өлшемшарты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын салық төлеушілерге қатысты қолданылады.)

- "Үш компонентті интеграцияланған жүйені қолдану" өлшемшарты (салық төлеуші үш компонентті интеграцияланған жүйені нақты қолданған жағдайда айқындалады. Есеп айырысу жүргізілетін кезең – соңғы 6 (алты) ай).

- "Виртуалдық қойма" модулін қолдану" өлшемшарты ("Виртуалдық қойма" модулі арқылы тауарларға ілеспе жүкқұжаттары ай сайын ресімдеген және тауарларға ілеспе жүкқұжаттары негізінде шот-фактураны электрондық түрде жазып берген жағдайда айқындалады. Есеп айырысу жүргізілетін кезең – соңғы 6 (алты) ай. Тәуекел дәрежесінің (деңгейінің) бұл өлшемшарты шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне жататын салық төлеушілерге қатысты қолданылады.)

Кері әрі оң әсер ететін өлшемшарт: Салықтық жүктеме (соңғы есепті күнтізбелік жыл есеп жүргізілетін кезең болып табылады).

Өлшемшарттардың толық тізбесімен Қағидадан танысуға болады.

•Салық төлеушінің қай тәуекел дәрежесіне жатқызылғаны жөнінде мәлімет ҚР ҚМ МКК <http://kgd.gov.kz> ресми сайтында және «Салық төлеушінің кабинеті» web-қосымшасында қол жетімді.

•Салық төлеушілерді ақпараттандыру салық төлеушілерді санаттарға бөлу жүргізілетін тоқсанға бір рет өзектендіріледі.

•Салықтық берешекті және (немесе) әлеуметтік төлемдер бойынша берешекті күнтізбелік 30 (отыз) күннен астам өтемеген кезде, тәуекел дәрежесі (деңгейі) төмен деп айқындалған салық төлеушілер бойынша тәуекел дәрежесі (деңгейі) айына 1 (бір) реттен кем емес өзектендірілуге жатады.

•ТБЖ қолданылатын құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар туралы мәліметтер мен олардың негізінде өлшемшарттарды есептеу жүзеге асырылған көрсеткіштер, салық төлеушіге "Салық төлеушінің кабинеті" web-қосымшасы арқылы жіберіледі

•Салық төлеушілер құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттар бойынша мемлекеттік кірістер органдарына "Салық төлеушінің кабинеті" web-қосымша арқылы түсінктемені өз бастамасы бойынша жолдайды

•Құпия ақпарат болып табылмайтын өлшемшарттардың есебі мемлекеттік кірістер органдарында бар деректер бойынша салық төлеушілерді санаттау жүргізілетін тоқсанның алдындағы екінші айының бірінші күніндегі жағдай бойынша жүзеге асырылады.

•Одан бөлек, мүмкін болатын тәуекелін бағалау үшін, салық төлеушілер өз жеткізушілері бойынша тәуекелін бағалау барысында ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми сайтында көрсетілген деректерді қолдана алады.

Бұл ретте санаттау салық төлеушінің сатып алуды жүзеге асыру және азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасу кезіндегі қызметін шектей, тек салықтық әкімшілендірудің жекелеген бағыттары бойынша шараларды саралауды көздейтініне назар аударамыз.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы бойынша біліктілігі іріктеледі, онда табысы, төлеген салығы, негізгі құралдары, еңбекақы төлеу қоры секілді көрсеткіштер ескеріледі.

А.БЕГАЙДАРОВ,

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының заңды тұлғаларды әкімшілендіру бөлімінің басшысы.

ПЕРЕРАБОТКА ТВЕРДЫХ БЫТОВЫХ ОТХОДОВ ПИРОЛИЗОМ



Аннотация: В статье рассмотрено - проблема утилизации и переработки твердых бытовых отходов, низкотемпературный пиролиз как способ переработки отходов, получение в результате пиролизной переработки отходов тепловой и электрической энергии, товарных продуктов.

Рост потребления, особенно в крупных городах Казахстана, приводит к увеличению объемов образования бытовых отходов. По среднестатистическим данным на каждого городского жителя Казахстана в год образуется от 1 до 1,4 куб.метров твердых бытовых отходов. При этом объем бытовых отходов неуклонно увеличивается, а территориальные возможности для их захоронения - уменьшаются. Практически весь этот объем размещается на полигонах ТБО, санкционированных и не санкционированных свалках, и только 4-5% утилизируется иными способами из-за отсутствия, как необходимой инфраструктуры, так и самих предприятий - переработчиков. Проблемы переработки и утилизации бытовых отходов связаны, прежде всего, со сложностью их морфологического состава. Твердые бытовые отходы, образующиеся в результате жизнедеятельности людей, представляют собой гетерогенную смесь, в которой повсеместно присутствуют черные и цветные металлы, макулатуросодержащие и текстильные компоненты, стеклобой, пластмасса, токсические опасные гниющие пищевые и растительные остатки, камни, кости, кожа, резина, дерево, уличный смет и пр. Отметим, что отходы, при

Сонымен қатар, өмірді сақтандыру компаниясымен зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан, сол арқылы ай сайынғы зейнетақы төлемдерін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен емес мөлшерде қамтамасыз ете алатын қазақстандықтар тұрғын үйге және емделуге өздерінің барлық зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалана алады. Зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аударуға құқығы бар тұлғалардың толық тізімі және бұл үшін қажетті құжаттар топтамасы Қордың ресми сайтында да көрсетілген.

Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге ақы төлеу үшін БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адамдар пайдалана алатынын хабарлаймыз.

Тек мұндай адамдардың:

- зейнетақы жинақтарының сомасы ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын болуы керек. Бұл ретте біржолғы зейнетақы төлемі салымшының (алушының) МЗЖ және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптастырған зейнетақы жинақтарының сомасы мен белгіленген ең төменгі жеткіліктілік шегі арасындағы айырмалан аспауға тиіс;
- БЖЗҚ-да жинақтары бар, қазіргі кезде зейнетақы төлемін алып жүрген зейнеткерлер.

Олар тұрғын үйге және/немесе емделуге қалған сомасының 50 пайызына дейін пайдалана алады. Бірақ олардың жиынтық зейнетақысы (жасына байланысты зейнетақыны, базалық зейнетақыны және БЖЗҚ төлемдерін қоса алғанда) бұрын алған жақласысының кемінде 40 пайызын қураған жағдайда ғана осы мүмкіндікке қол жеткізе алады.

2. БЖЗҚ-дағы ұзақ уақыт бойы талап етілмеген жинақтардың тағдыры қалай шешіледі? Ол қаржы қандай жағдайларда мемлекет кірісіне айналуы мүмкін?

Әлеуметтік кодекстің ережелерінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне негіз бола алатын жағдайлардың нақты тізбесі көрсетілген. Оның ішінде Алушының қайтыс болуына (жерлеуге және (немесе) мұрагерлерге) байланысты жасалатын төлем де бар. Тиісінше, БЖЗҚ зейнетақы жинақтары сомасының есебін жүргізуді алушы немесе оның мұрагері (мұрагерлері) осы соманы талап еткенге дейін жаластыра береді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, егер өсіет бойынша және заң бойынша мұрагерлер болмаса не мұрагерлердің ешқайсысының мұрагерлікке құқығы болмаса не олардың барлығы мұрадан бас тартса, мұра иесіз мүлік болып танылады және мұра ашылған жер бойынша коммуналдық меншікке өтеді.

Осылайша, мұра иесіз мүлік деп мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтіншіл негізінде сот шешімі бойынша ғана танылуы мүмкін.

3. Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) сенімгерлік басқаруға беру ережелері қандай? Мен жаңа ережелерге сәйкес, жинағымның қаншалықты көлемін аудара аламын?

Міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ) салымшылары, пайдасына міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) аударылған жеке тұлғалар ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудару құқығын төменде көрсетілген мөлшерден аспайтын сомада пайдалана алады:

- МЗЖ салымшысының, пайдасына МКЗЖ аударылған жеке тұлғаның ИПБ таңдау (өзгерту) туралы өтініші түскен күні жеке зейнетақы шотындағы (ЖЗШ) зейнетақы жинақтары сомасының елу пайызы шегінде. Кейіннен басқа ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берген кезде зейнетақы жинақтарының көлемі ИПБ-ның инвестициялық кірісі қоса есептелген, бұрын берілген зейнетақы жинақтарын ескере отырып айқындалады (өтініш беру зейнетақы жинақтары ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берілген күннен бастап жылына бір рет қана жүргізіледі);
- Немесе
- сақтандыру ұйымымен жасалған зейнетақы аннуитеті шарты болған жағдайда, олардың ЖЗШ-дағы МЗЖ және (немесе) МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының мөлшерінен аспайтын көлемде;
- ИПБ сенімгерлік басқаруына беруге болатын ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасы ЕЗЖ-ны есепке алатын ЖЗШ-да қалыптастырылған зейнетақы жинақтарының сомасынан аспайды.

Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аудармай тұрып, нарықтағы ИПБ-лардың қолданыстағы тізбесімен танысып, олардың БЖЗҚ сайтындағы инвестициялық декларацияларын, инвестициялық қызметтеріне шолуларды зерделеу қажет, таңдалған жеке компанияның тәжірибесі мен жұмыс нәтижелері туралы толығырақ білген дұрыс. ИПБ-лар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын <https://www.epnf.kz/> сайтындағы Қызметтер – "Инвестициялық портфельді басқарушылардың тізілімі" бөлімінен біле аласыз. Зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі толық статистика да www.epnf.kz сайтындағы "Көрсеткіштер" – "Зейнетақы жинақтарын басқарушы компанияларға беру" бөлімінде қолжетімді.

Сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын бір ИПБ-дан екіншісіне жылына тек 1 рет аударуға болатынын атап өтеміз. Егер сіз жинақтарыңызды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) басқаруына қайтару туралы шешім қабылданыңыз, онда бұл ойынңызды зейнетақы жинағыңызды ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына берген күннен бастап тек 1 жыл өткен соң ғана жүзеге асыра аласыз.

Бұл ретте, егер зейнетақы жинақтары ИПБ таңдау туралы өтінішке сәйкес бір ИПБ-ға бірнеше рет сенімгерлік басқаруға аударылған болса, онда зейнетақы жинақтарын ҚРҰБ сенімгерлік басқаруына қайтару зейнетақы жинақтарын ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына алғаш берген күннен бастап тек бір жыл уақыт өткен соң ғана жүзеге асырылады.

4.Қазақстан Республикасының қай санаттағы азаматтары міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылады?

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) төлеуден мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар босатылады. Сонымен қатар, жұмыс берушіге жоғарыда аталған адамдардың өтініші негізінде БЖЗҚ-ға МЗЖ ұстап қалуға және аударуға рұқсат етіледі. Осылайша, мерзімсіз белгіленген бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар отандастарымыз жұмыс орны бойынша БЖЗҚ-ға МЗЖ ұстап қалуға келісім беру туралы өтініш беруге құқылы.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерін белгіленген кесте бойынша ай сайынғы зейнетақы төлемдері түрінде алуға құқылы. БЖЗҚ Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заңына сәйкес ұсынылатын салымшының (алушының) келісімімен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің "Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер банкі" ақпараттық жүйесінен мүгедектікті белгілеу туралы мәліметтерге сұранысты дербес жасай алады.

Зейнетақы жинақтары төлеміне өтінішті БЖЗҚ кеңсесіне жеке өзі немесе сенім білдірілген тұлға арқылы, epnf.kz интернет-ресурсы, сондай-ақ пошта байланысы арқылы беруге болады.

5. ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер қызметкерлерінің еңбек өтілін қалай растауға болады? Оны БЖЗҚ-ға хабарласу арқылы жасауға бола ма?

2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісім шенберінде Қазақстан Республикасындағы (бұдан әрі – ҚР) еңбекшілердің жұмыс өтілін растау жөніндегі құзыретті органдар:

- 1) ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің комитеті және оның аумақтық бөлімшелері - 1998 жылға дейін жинаған еңбек өтілін растау бөлігінде;
- 2) БЖЗҚ-ның аумақтық бөлімшелері - 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жиналған еңбек өтілін растау бөлігінде (міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы ақпараттық жүйенің деректері бойынша).

Толық ақпарат epnf.kz сайтындағы "Қызметтер" бөлімінде орналастырылған. Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) интеграцияланған жүйесін пайдалануға көшкенге дейін ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің құзыретті органдары арасындағы өзара іс-қимыл Өзара іс-қимыл тәртібінің 3-тармағында көзделген нысандармен, сондай-ақ зейнетақыны тағайындау және төлеу үшін қажетті құжаттармен алмасу арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылды.

Осылайша, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің азаматтары Қазақстан Республикасының аумағында жинаған еңбек өтілін растау мақсатында, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес өтініш білдірген тұлға ұмит артып отырған зейнетақыға құқықтың пайда болуы үшін ЕАЭО-ға мүше осы мемлекеттің құзыретті органы ҚР жоғарыда аталған құзыретті органдарына осындай адамдарға қатысты жұмыс өтілі кезеңіне байланысты жұмыс өтілі туралы "Сұраныс" нысанын жіберуі қажет.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

ЭХИНОКОККОЗ АУРУЫ

Эхинококкоз - бұл бауырдың, өкпенің және басқа мүшелердің зақымдалуымен, дененің аллергиясымен және мүгедектікке ғана емес, өлімге де әкелетін өте ауыр асқынулармен сипатталатын созылмалы гельминтоз. Эхинококк - таспа құрттың бір түрі. Денесі 3 - 4 буыннан тұрады, ұзындығы 2 - 6 мм. Бір камералы, дамуы жетілген Эхинококк - іші сұйыққа толы, сырты қабықты көпіршік. Таспа түріндегі сатысы кейбір еткоректі және жыртқыш сүтқоректілердің ащы ішегінде дамиды. Эхинококктың дернәсілі адамның, сүтқоректілердің (аралық иесі - қой, ешкі, сиыр, шошқа, солтүстік бұғысы, ит, мысық, үй қояны, тышқандар) әр түрлі ішкі органдарында (көбінесе бауыр, өкпе,



бүйрек, талақ) паразитті тіршілік етеді. Ересек эхинококк (ұзындығы 0,5 см-дей) ит организмiне түскеннен кейін 45 – 95 тәулік өткесін бірнеше бөлікке бөлінеді. Сыртқы ортаға шыққан бұл бөліктерден жұмыртқа пайда болады да, олар шөпті, топырақты, мал түгін, суды, т.б. ластайды. Жылдың ылғалды кезеңдерінде (күзде, қыста, көктемде) 3 айға дейін тіршілік қабілетін жоймайды.

Берілуі:

* алиментарлық жол-гельминт жұмыртқаларымен ластанған тамақ

арқылы;

* су - паразиттермен ластанған су арқылы;

* тұрмыстық байланыс-иттермен тым тығыз байланыста болу және гигиена ережелерін сақтамау нәтижесінде.

Адам ішегіне түскен эхинококк жұмыртқасы қан тамырына өтіп, одан қан арқылы бауырды, өкпені, т.б. ішкі органдарды зақымдайды. Адам эхинококкозбен ауырғанда әр түрлі белгілер байқалады. Мысалы, бауырды зақымдаса, адамның оң жақ бүйірі ауырып, әлсіздік, эхинококк өкпеге түссе, адам енгігіп, жөтеледі, түкірігінде қан пайда болады.

Ауру адам басқаларға жұқпалы емес. Адамдар үшін паразиттің личинка формасы ғана қауіпті. Шіңкі немесе жеткіліксіз термиялық өңделген ет жеген кезде жұқтыру мүмкін емес, өйткені жетілген гельминттер адам ағзасында дами алмайды – бұл үшін оларға негізгілері қажет.

Эхинококкоз - бұл адамның құрт-эхинококкпен инфекциясы, ол личинка сатысында инвазия кезінде қалады. Басқа құрттардан айырмашылығы, эхинококк ішекте емес, бауырға, өкпеге және тіпті миға әсер ететін басқа органдарда өмір сүреді.

Үнемі өсіп келе жатқан эхинококкты кисталарда тұратын паразит ішкі мүшелер мен жұмсақ тіндердің қысылуын тудырады, бұл олардың қызметін төмендетеді. Сонымен қатар, ол адам ағзасын өмірінің ұлы қалдықтарымен уландырады.

Емдеу

Паразиттен құтылу өте қиын. Ең тиімдісі-эхинококкозды хирургиялық емдеу, бірақ бұл барлық жағдайларда мүмкін емес. Қазіргі уақытта емдеудің төрт негізгі әдісі бар. Емделгеннен кейін науқас 10 жыл бойы диспансерлік бақылауда болады және мезгіл-мезгіл тексеруден өтеді.

Алдын алу шаралары:

* гигиеналық талаптарды сақтау: жануарлармен немесе топырақпен байланысқаннан кейін қолды жуу, көкөністер мен жемістерді жуу;

* ет өнімдерін мұқият термиялық өңдеу, шіңкі ет өнімдерімен жанасқаннан кейін қол мен ас үй ыдыстарын жуу;

* иттер мен мысықтарды үнемі дегельминтизациялау;

* егер кәсіби қызмет Ауыл шаруашылығы жануарларымен немесе шіңкі ет өнімдерімен байланысты талап етсе, тұрақты медициналық тексерулер.

Ж.ЖАНСАКАЛОВА,

Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық

бақылау Басқармасының бас маманы.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ- ЗАҢ ТАЛАБЫ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс- әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.Қазіргі таңда мемлекет және мемлекеттік органдар тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын-алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзіреті шегінде күрес жүргізу, яғни жемқорлықпен күресу - жалпыға ортақ міндет. Жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлық өмір сүріп

отырған қоғамда кім-кімді де болса толғандырып жүргені жасырын емес. Өзінің жеке мүддесі үшін пара берушілер жоқ емес, бар. Олар бұл іске саналы түрде барады, ал кейбірі білместікпен опық жеп қалады. Жемқорлықпен ұсталып, заң алдында жауап беріп жатқандары да бар. Ол үшін не істеу керек деген заңды сұрақ туады. Көп болып бұл дертке қарсы тұрып, күресуіміз қажет.Жалпы, бұл-жегі құрт іспетті, қауіпті қылмыс.

Жемқорлықпен белсенді түрде күреспесек, адам санасын улап, ауруға шалдықтарыры сөзсіз. Қоғамда әдетке айналып бара жатқандай. Десе де, пара сыбайлас жемқорлық, алаяқтық бұқаралық ақпарат құралдарында жазылып, телеарналардан көрсетіліп жатса да, әлі күнге тыйылар емес.

Дегенмен де еліміздегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының арқасында біршама алға басушылық байқалады. Қоғам болып жол бермеуге тиіспіз. Не нәрсеңің де алдын алсақ, ол әдеттен арыларымыз сөзсіз. Жалпы, өз құқын, әрі заңды білетін, сауатты адам мұндай қылмысқа бармайды.Сондықтан, ұрпағымызға жақсы тәрбие береміз десек, көлденең табысқа қызықпай, адамгершілік қасиетімізді сақтап, таза да адал еңбек ету қажет. Ал,жүргізген жүйелі жұмыстарымыз өз нәтижесін берері сөзсіз.

Ш.БЕРДАЛИЕВА,

Жаңақорған аудандық санитариялық-

эпидемиологиялық бақылау

Басқармасының бас маманы.

"ҰЛТТЫҚ ҚОР-БАЛАЛАРҒА" БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ 2 АЙЫНДАҒЫ ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ НЫСАНАЛЫ ЖИНАҚТАРЫН ПАЙДАЛАНУ НӘТИЖЕЛЕРІ

"Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасын іске асырудың 2 айы ішінде 2024 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша «БЖЗҚ» АҚ жалпы сомасы 199 323,1 АҚШ долларына 1 992 өтінішті орындады (БЖЗҚ өтініш берушілердің банктік шоттарына аудару үшін уәкілетті операторға аударды). Оның ішінде тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында 788 798,04 АҚШ долларына 788 өтініш, білім беру ақысын төлеу үшін 120 525,06 АҚШ долларына 1 204 өтініш орындалды.

Нысаналы жинақтарды алушы өзіне тиесілі барлық соманы да, оның бір бөлігін де пайдалануға құқылы екенін ескерген жөн. Бұл ретте пайдаланылмаған соманың қалдығы нысаналы жинақтау шотында сақталады. Естеріңізге сала кетейік, 2024 жылдың ақпан айында «Ұлттық қор - балаларға» бағдарламасы аясында 2024 жылғы 18 жасқа толған азаматтарға БЖЗҚ-дағы нысаналы жинақтау шоттарына (бұдан әрі - НЖШ) алғашқы төлемдер түсе бастады. Бағдарламаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі - Ұлттық қор) инвестициялық табысының 50% мөлшері жыл сайын 18 жасқа дейінгі барлық жастағы Қазақстан Республикасының азаматтары-балалар арасында бөлінеді.

НЖШ-дағы қаражат тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және БЖЗҚ-мен тиісті келісімдер жасасқан уәкілетті операторлар арқылы білім алуға ақы төлеуге арналған. НЖШ-ге қаражат аударылғаннан кейін ол АҚШ долларында сақталады. 2024 жылы кәмеделттік жасқа толғаннан кейін нысаналы жинақтарды алушылар өздерінің нысаналы жинақтарын көрсетілген мақсаттарға пайдалану құқығына ие болады.

Тұрғын үйді жақсарту

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін қаражатты пайдалануды қалағандар арасында ең белсендісі Шымкент қаласының тұрғындары (10 451,48 АҚШ доллары сомасына 104 өтініш орындалды), екінші орында - Қызылорда облысының тұрғындары (9 547,32 АҚШ доллары сомасына 95 өтініш орындалды), үшінші орында - Астана қаласының тұрғындары (8 750,56 АҚШ доллары сомасына 88 өтініш орындалды).

Бұл ретте қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарына салымды толықтыру (72 671,00 АҚШ доллары сомасына 727 өтініш орындалды), азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 2 109,88 АҚШ доллары сомасына 21 өтініш, ипотекалық тұрғын үй алу үшін бастапқы жарнаны енгізу- 1 305,72 АҚШ доллары сомасына 13 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу

Білім беру ақысын төлеу үшін қаражатты пайдаланған ең белсенді қазақстандықтар Шымкент қаласының тұрғындары (23 232,34 АҚШ доллары сомасына 232 өтініш орындалды), екінші орында - Жетісу облысының тұрғындары (12 290,28 АҚШ доллары сомасына 123 өтініш орындалды), үшінші орында - Жамбыл облысының тұрғындары

(8 724,84 АҚШ доллары сомасына 87 өтініш орындалды).

Осы бағыт бойынша ең танымал қосалқы мақсаттардың ішінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуді бөліп көрсетуге болады. Бұл ретте 99 160,18 АҚШ доллары сомасына 991 өтініш орындалды. Танымалдығы бойынша екінші орында - білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беру жинақтау салымын толықтыру (15 544,60 АҚШ доллары сомасына 155 өтініш орындалды), үшінші орында - шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (3 911,44 АҚШ доллары сомасына 39 өтініш орындалды).

Естеріңізге сала кетейік, бұл тек алғашқы есептеулер, сома көлемі жыл сайын Ұлттық қордың өсуі және инвестициялық табыс алу есебінен ұлғаяды. Бұдан басқа, есептелген қаражат Ұлттық қор активтерінің құрамына инвестициялауды жалғастыруда және ол Бағдарламаға қатысушы балаларға 18 жасқа толғанға дейін қосымша инвестициялық табыс әкелетін болады.

Бағдарламаға қатысушылардың жалпы саны 01.01.2024 ж. - 6 919 131 бала (01.01.2006 ж.бастап 31.12.2023 ж. дейін туған балалар). Оның ішінде 304 815 қатысушы, 2024 жылғы 18 жасқа толады (01.01.2006 ж. бастап 31.12.2006 ж. дейін туған балалар). Олардың барлығына 100 АҚШ доллары 52 цент мөлшерінде бірдей нысаналы талаптар сомасы есептелген.

Баланы нысаналы талаптарға қатысушылардың тізіміне енгізу туралы ақпаратты ата аналар немесе кәмеделтке толмаған тұлғаның басқа да заңды өкілдері kids.enpf.kz сайтында баланың ЖСН бойынша тексере алады. Мұнда бағдарламаның шарттарымен танысуға, нұсқаулықтар, қызықтырған сұрақтарға жауаптар алуға да болады. Сондай-ақ, әрбір балаға есептеулер туралы деректерді ата-аналар egov.kz порталындағы жеке кабинетте де тексере алады.

2024 жылы 18 жасқа толатын қазақстандықтарға БЖЗҚ интернет-ресурсында және (немесе) "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы жеке кабинет арқылы НЖШ-ға қаражаттың түсуін өз беттерінше тексеруге де мүмкіндік берілген. Республиканың жас мөлшері, өңірлері бөлінісінде есептеулер бойынша статистикалық есептер enpf.kz сайтында орналастырылады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісінде білім алуға ақы төлеу мақсатында нысаналы жинақтарды төлеу туралы толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

ЖҰҚПАЛЫ ІШЕК АУРУЫНАН САҚтану шаралары



Жұқпалы жедел ішек инфекциясының ауру көзі тек науқас адам. Науқас адамнан қоздырғыштар сыртқы ортаға нәжіс пен зәр арқылы бөлінеді. Қоздырғыш микробтар сыртқы ортаға түскеннен кейін ұзақ уақыт өлмейді, ауру қоздырғыштары тағамдық заттарға көбіне түседі.

Инфекция жұқтырудың негізгі жолдары: тағам, су, қарым-қатынас арқылы.Тазалық ережелерін сақтамаған кезде ішек жұқпа бактериясы ауру адамның нәжісі арқылы топыраққа, суға түседі. Азық-түлік тағамдары, су және лас қолдар арқылы тұрмыстық заттар ластанады. Бактериялар суда, азық-түліктерде ұзақ сақталады, ластанған суды, азық-түлікті пайдалану, тазалық ережесін сақтамау адамдардың сырқаттануының себебі болады.14 жасқа дейінгі сырқаттанған балалардың 70-80% 2 жасқа дейінгі балалар құрайды. Негізінен балалардың ауруға шалдығуына сүт тағамдарының және үй тағамдарын дайындау, сақтау ережелерінің бұзылуы, балалар ыдыстарының дұрыс өңделмеуі, балаларды қарау кезінде ережелердің және аналарының жеке бас гигиенасының сақталмауы басты себеп болып отыр. Өкінішке орай, балалардың иммундық жүйесі қалыптасып болмағандығына байланысты, әсіресе 2 жасқа дейінгі сәбилердің, сырқаттануы ересектерге қарағанда ауыр түрде өтеді.

Ішек инфекциясына тән белгілер: науқас әлсізденіп, асқа тәбеті төмендейді, басы ауырып, асқазан- ішек жолының бұзылуынан іш өту, құсу қосылады. Іш өту мен құсу организмнің құрғауына әкеп соқтырып, осыдан тырыспа пайда болуы мүмкін. Аурудың алғашқы белгілері басталғаннан бастап науқас ауру қоздырғыштарын бөліп, айналасындағы адамдарға жұқтыру қаупі жоғары болады.

Жұқпалы ішек ауруының эпидемиологиялық өрші кезеңі мамыр- қазан айларының аралығы болғандықтан, аурудың алдын-алу шараларын ұйымдастыруда төмендегі қарапайым ережелерді орындау қажет:

- ас ішер алдында және әжетханадан кейін қолды сабындап жуу;

- тек қайнатылған су ішу;

- көкөністер мен жемістерді мұқият жуып жегу;

- дайындалған тағамдарды ашық қалдырмау;

- тез бұзылатын тағам түрлерін тоңаздықта сақтау;

- үйдегі қоқысты уақытылы шығару;

- Жұқпалы ішек ауруының алдын-алуға қоздырғыш тасымалдаушы шыбындарға қарсы күрестің маңызы зор.

Тазалық - «денсаулық» кепілі екендігін естен шығармаған жөн!

Р.АХМЕТОВА,

Жаңақорған аудандық СЭББ бас маманы.

ОБЗОР КЛЮЧЕВЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ ЕНПФ НА 1 АПРЕЛЯ 2023 ГОДА: ПЕНСИОННЫМНІҢ ҚҰРҒАУЫНА ӘКЕП СОҚТЫРЫП, ОСЫДАН ТЫРЫСПА ПАЙДА БОЛУҒА МҮМКІН. АУРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ БЕЛГІЛЕРІ БАСТАЛҒАННАН БАСТАП НАУҚАС АУРУ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫН БӨЛІП, АЙНАЛАСЫНДАҒЫ АДАМДАРҒА ЖҰҚТЫРУ ҚАУПІ ЖОҒАРЫ БОЛАДЫ.

По состоянию на 1 апреля 2024 года на индивидуальных и условных счетах вкладчиков (получателей) АО «ЕНПФ» сформированы пенсионные накопления на сумму 18,9 трлн тенге. С начала текущего года их прирост на 01.04.2024 г. составил порядка 1,02 трлн тенге (5,7%). По сравнению с аналогичной датой прошлого года объем пенсионных накоплений вырос почти на 3,5 трлн тенге или на 22,6%.

Объем пенсионных взносов за 3 месяца 2024 года составил 623,6 млрд тенге, что на 27,9% или на более, чем 136,2 млрд тенге выше показателя прошлого года. Отметим, что рост по сравнению с аналогичным периодом прошлого года продемонстрировали обязательные пенсионные взносы (ОПВ) – 20,2%, обязательные профессиональные пенсионные взносы (ОППВ) – 22,1%, добровольные пенсионные взносы (ДПВ) – 41,2%.

96,6% накоплений казахстанцев образованы за счет ОПВ, объем которых на 01.04.2024 г. составил более 18,2 трлн тенге (прирост за год – 22,3%, с начала года – 5,5%). Сумма пенсионных накоплений по ОППВ составила 599,7 млрд тенге, увеличившись за год на 25,8%, с начала текущего года – на 5,5%. Максимальный прирост (49% за год, 11,3% - с начала года) показали накопления по добровольным пенсионным взносам (ДПВ), объем которых составил 5,9 млрд тенге.

С 1 января 2024 года на пенсионные счета вкладчиков (получателей) поступают дополнительные средства – обязательные пенсионные взносы работодателя (ОПР). За 3 месяца 2024 года сумма пенсионных накоплений за счет ОПР составила около 37,5 млрд тенге.

Чистый инвестиционный доход, начисленный на индивидуальные и условные пенсионные счета вкладчиков ЕНПФ, с начала года составил порядка 569,5 млрд тенге.

Исходящие потоки в виде выплат из ЕНПФ за 3 месяца текущего года составили около 193 млрд тенге. При этом основную часть из этой суммы составляют единовременные пенсионные выплаты (ЕПВ) на улучшение жилищных условий и лечение – около 83,7 млрд тенге, что выше показателя прошлого года в 2,4 раза. Выплаты в связи с достижением пенсионного возраста составили около 44,6 млрд тенге.

Также осуществлены выплаты по наследству – 13 млрд тенге, выплаты в связи с выездом на ПМЖ за пределы РК – 7,7 млрд тенге, выплаты лицам с инвалидностью – 790,3 млн тенге, выплаты на погребение – 2,5 млрд тенге. В страховые организации переведена сумма около 40,8 млрд тенге.

Отметим, что сумма средней ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ (в связи с достижением пенсионного возраста) составила 33 985 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты – 945 752 тенге. Напомним, за этот же период прошлого года средняя сумма ежемесячной выплаты по графику из ЕНПФ составила 32 082 тенге, а максимальная сумма ежемесячной выплаты – 742 692 тенге.

Количество индивидуальных пенсионных счетов вкладчиков (ИПС) в ЕНПФ на 1 апреля 2024 г. - 12,4 млн единиц, из них: 11,1 млн - по ОПВ, 671,1 тыс. - по ОППВ, 409,8 тыс. - по ДПВ.

Количество условных пенсионных счетов (УПС) в ЕНПФ на 1 апреля 2024 года, на которых учитываются сведения о поступивших ОПВР и иных поступлениях в соответствии с законодательством Республики Казахстан, составило более 3,4 млн единиц.

Вся актуальная информация о статистических данных по пенсионным активам, в том числе в разрезе регионов республики, размещена на сайте enpf.kz в разделе «Показатели».

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

ЭКОЖАҒАЛЫҚТАР

ЭКОНОВОСТИ

Японский приморский парк Хитаги наполнился тысячами людей, с благоговением любующимися очередным чудом природы. В этот раз в центре внимания оказалось цветение немофилы, соцветия которой также в обиходе именуют "голубыми глазами".

Жители и гости страны совершают променады в цветущих полях и делают фотографии, а вокруг них словно раскинулся небесно-голубой океан.

На территории парка Хитаги цветут свыше 5 млн цветов немофилы на площади 3,5 га. Это буйство красок и ароматов длится, как правило, в последние две недели апреля, поистине преображая ландшафт.

Немофила относится к водолитниковым, она произрастает также в США, Канаде и Мексике.

По материалам gismeteo.ru, фото: milezaway/Shutterstock/FOTODOM.

56 КОМПАНИЙ ОТВЕТСТВЕННЫ ЗА ПОЛОВИНУ МИРОВОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ ПЛАСТИКОМ



56 транснациональных корпораций несут ответственность за половину мирового загрязнения пластиком, пишет The Guardian со ссылкой на исследование, передает собственный корреспондент агентства Kazinform.

В течение пяти лет международная команда волонтеров собирала и исследовала более 1,8 миллиона единиц пластикового мусора в 84 странах мира. Основную часть составили одноразовые упаковки для продуктов питания, напитков и табачных изделий.


Результаты исследования ошеломляют: всего 56 транснациональных корпораций, производящих потребительские товары, ответственны за половину пластиковых отходов, тогда как четверть этого объема произведена всего шестью компаниями.

Две табачные компании Altria и Philip Morris ответственны за 2% обнаруженного пластикового мусора, Danone и Nestlé - за 3% каждая, на долю PepsiCo приходится 5% выброшенной упаковки, а 11% пластиковых отходов приходится на долю Coca-Cola.

Altria и Philip Morris оспаривают точность собранных данных, а инженер-эколог из Колумбийского университета Картик Чандрани заметил, что данные не учитывают загрязнение пластиком в Китае, Корее и Японии, а также текущие инициативы по переработке или очистке.

Хотя многие крупные компании предпринимают добровольные меры для улучшения своего воздействия на загрязнение пластиком, исследование, опубликованное в научном журнале Science Advances, утверждает, что они недостаточны. С начала 2000-х годов производство пластмасс удвоилось, и изучение этого вопроса показывает, что только 9% пластика перерабатывается.

По материалам Т.Дюсекеевой, inform.kz, фото: freepik.com.



ЦВЕТЕНИЕ НЕМОФИЛЫ ПРЕВРАТИЛО ЯПОНСКИЙ ПАРК В НЕБЕСНО-ГОЛУБОЙ «ОКЕАН»



ТОО «КазЭкосистеме»

(гослицензия 01259 №0042510 от 25.09.2008 г.) представляет следующие виды услуг в области охраны окружающей среды:

1. Оказание консультационных услуг в области охраны окружающей среды	2. Составление и содействие в подаче заявления о намеряемой деятельности в уполномоченный орган в области ООС
3. Организация в проведении общественных слушаний	4. Подготовка отчета о возможных воздействиях при оценке воздействия на окружающую среду
5. Подготовка послепроектного анализа отчета о возможных воздействиях	6. Составление заявления на получение экологического разрешения на воздействие, в том числе:
6.1 Разработка проектов нормативов эмиссий (нормативы допустимых выбросов, нормативы допустимых сбросов)	6.2 Составление программы управления отходами для I и II категории
6.3 Составление паспорта опасного отхода	6.4 Разработка программы производственного экологического контроля (ПЭК)
6.5 Составление проекта плана мероприятий по охране окружающей среды	7. Составление отчета производственного экологического контроля
8. Разработка раздела «Охрана окружающей среды» в составе проектной документации при подготовке декларации для III и IV категории	9. Подготовка и содействие в подаче декларации о воздействии на окружающую среду для III категории
10. Составление проектов обоснования санитарно-защитной зоны (предварительная, окончательная)	11. Составление квартальных отчетов, согласно условий экологического разрешения, статистических отчетов, налоговых отчетов по форме 870.00.
12. Консультация и содействие в формировании пакета документов для получения лицензии для юридических лиц, занимающихся деятельностью по переработке, обезвреживанию, утилизации и (или) уничтожению опасных отходов.	

Наш адрес: г. Кызылорда, ул. Байтурсынова, 48.
эл.адрес kazecosystems@mail.ru
тел. 8 7242 27 52 99



ПРИБРЕТАЙТЕ ПОДПИСКУ И ПОЛУЧАЙТЕ СВЕЖИЕ ВЫПУСКИ ГАЗЕТЫ ПО ЭЛЕКТРОННОМУ АДРЕСУ

syr.tabigaty@gmail.com
www.syrtabigaty.kz

Наш адрес: г.Кызылорда, ул.Кайнарбаева, 33
+7 701 730 92 88

Құрылтайшы -
Қызылорда
облыстық
«Сыр Табиғаты»
занды тұлғалар
Ассоциациясы

Редактор
Акбота Абенова

Газет Қазақстан
Республикасы
инвестициялар және
даму Министрлігі
байланыс,
ақпараттандыру және
Ақпарат Комитетінде
қайта тіркелген.

Тіркеу куәлігі
№15905-Г, 25.03.2016ж.

Жекеленген
авторлардың пікірі
редакция көзқарасын
білдірмейді,
қолжазбалар
қайтарылмайды.
«Сыр Табиғаты»
газетінде жарияланған
мақала көшіріліп
басылса, сілтеме
жасалуы міндетті.

Жарнама және
хабарландыру мәтіні
мен мазмұнына
редакция жауап
бермейді.

Газет редакцияның
компьютер
орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа
үйі» ЖШС сенімгерлік
басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС
баспаханасында
басылды.
Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің басылу
сапасына баспахана
жауапты.

Офсеттік басылым.
Көлемі 2 баспа табақ.

Жазылу индексы - 68116

Редакцияның
мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Кайнарбаев көшесі, №33.
Толық мәлімет алу үшін:
8-701-730-92-88
телефонына хабарласуға
болады.

E-mail: syr.tabigaty@gmail.com

Басылым апта
сайын жарық
көреді

Тапсырылыс
№ 750

Таралым 500